

# Сирек кітаптар

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың «Сирек кітаптар зальы» 2014 жылдан бастап жұмыс істейді. Қазіргі уақытта сирек және құнды кітаптар қоры 2500 мың дананы құрайды. XIX ғ. соңы – XX ғ. ортасындағы басылымдар, Факсимилді және репринтті басылымдар, миниатюралық кітапшалар, қолтаңбалы кітаптар коллекциялары оқырмандардың назарын ерекше аударады.

**«Қолтаңбалы кітаптар»** коллекциясы 150-ден астам дананы құрайды. Авторлардың қолтаңбаларына кейінгі кезде қызығушылық артты деуге болады. Егер XX ғасырдың екінші жартысында қолтаңба қойылған кітаптар «жарамсыз» есептеліп, сатуға рұқсат етілмесе, қазіргі уақытта қолтаңбалы кітаптар музейлерде, кітап сақтау қоймаларында, ғылыми мекемелерде сақталады.

«Сирек кітаптар зальында» Шәкәрімнің ұлы Ахат Құдайбердиевтің, кеңес дәуірінің әдебиет майталмандары: Жұбан Молдағалиевтің, Сайын Мұратбековтың, Амантай Сатаевтың, Бақытжан Момышұлының және жерлес ғалым, жазушылар Жабайхан Әбділдиннің, Рамазан Токтаровтың, Дихан Әбілевтің, Қалижан Бекхожинің, Аманжол Шамкеновтің, Мұзафар Әлімбаевтың, т.б. қолтаңбалы кітаптары бар. Сонымен қатар белгілі ақын-жазушылар Олжас Сүлейменовтың, Медеу Сарсекеевтің, Дүкенбай Досжанның, Роллан Сейсенбаевтың, Күляш Ахметованың танымдық-тағылымдық кітаптары ерекше орын алған.

**С.С. Жанғазина,  
С. Торайғыров атындағы облыстық  
кітапхананың сирек кітаптар  
зальының қызметкері**